

*Т. Р. Сейдығалиев, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі  
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ ҚЫЗМЕТІНДЕ АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

Полицияға қоғамдық тәртіпті қорғау, азаматтардың қоғамдық және жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша, азаматтардың және ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін құқыққа қайшы әрекеттерден қорғау бойынша тікелей жұмысты ұйымдастыру жүктелген.

«Полиция» — азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қылмыстық және өзге де құқыққа қайшы қол сұғудан қорғауға жұмылдырылған және заңмен белгіленген шекте, мәжбүрлеу шараларын қолдану құқығы берілген атқарушы биліктің мемлекеттік органдарының жүйесі.

Ішкі істер органдарының жеке тұлғаның құқықтарын қамтамасыз ету бойынша мүмкіншілігінің шегі жоқ. Ол олардың құзыретімен негізделеді. Жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету механизміндегі полиция жұмысының негізгі түрі құқық қорғау қызметі, оның ішінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін қылмыстардың және өзге де құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, ашу, тергеу болып табылады.

Сондықтан да құқық қорғау аясындағы полициямен жүргізілетін шаралардың негізгі міндеті құқықтар мен бостандықтардың бұзылуының алдын алу және оларды жүзеге асыру жолындағы келеңсіздіктерді болдырмаумен іспеттеледі. Бұл жерде тек азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуының алдын алуға маңызды рөл аударылады. Полиция қызметінің жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету жағынан маңызды бағыты бұл құқықты қорғау қызметі болып табылады.

Осыған байланысты, жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету механизмінің элементі ретінде полицияның қызметі өзге де құқық қорғау органдарынан өзгешеленетін бірқатар өзіне тән белгілері бар. Біріншіден, полиция қызметінің жүзеге асуы мемлекеттік-биліктік сипатта болады, екіншіден, ең алдымен жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету механизмінің құқықтық негізі болып табылатын олардың қызметінің құқық нормаларымен реттелгендігі, үшіншіден, оның көпсубъектілігінде жатыр (полиция, тергеу аппараты, ішкі әскер және т. с. с).

Заманауи кезеңде құқықтық демократиялық мемлекетке бел асуға байланысты полицияның қызметі белсенді өзгеріске бет алады. Бұл мемлекет қызметінің басты негізіне адам, оның өмірі және бостандықтары қойылады (Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабы). Осыған байланысты құқық қорғау органдары да, жалпы алғанда құқықтың барлық қамтамасыз етілу және қорғалу жүйесі өте маңызды өзгеріске ұшырады. Бұл полицияның құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету арқылы адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, сақтау және қорғау үшін басымды рөл атқаратындығына байланысты болып отыр. Адамға (оның ішінде қоғамға да) экономикалық, саяси, рухани, жеке өмір сияқты маңызды игіліктерді іске асыру құқықтық тәртіпті қамтамасыз етумен байланысты болады. Полиция күресетін қылмыстардың және әкімшілік құқық бұзушылықтардың көпшілігі көрсетілген игіліктерге тікелей немесе жанама қол сұғады. Азаматтардың осы игіліктерді кедергісіз және қауіпсіз пайдаланулары көп қылмыспен күресудегі тиімділікке байланысты болады.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету бойынша учаскелік уәкілетті полиция қызметінің негізгі басымдылық бағыттарының бірі бұл — құқық бұзушылыққа баратын тұлғалардың, олардың өмір жағдайының қоғамға қарсы бағыттарынан шыға отыра, жеке-профилактикалық жұмыс болып саналады.

Полицияның әкімшілік-құқықтық қызметінде кәмелетке толмаған және қараусыз қалғандар санатындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуға зор көңіл аударылады. Осы бір жұмыс бағытының маңызды және өзекті жағын тани отырып, мемлекет балалардың

дамуын және қорғалуын, олардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету бойынша өз қызметінің басымды мақсаты мен міндеті ретінде балаларға әлеуметтік көмек көрсетуге бағытталған бағдарламалар әзірлеуде. Бұл мәселенің маңыздылығы қазіргі таңда Қазақстанда балалар мен жасөспірімдер арасындағы қадағалаусыздықтың өсуі және олармен жасалған құқық бұзушылықтардың санының өсуі ерекше алаңдатады.

Қазіргі таңдағы маңызды мәселелердің бірі бұл азаматтардың конституциялық құқықтарын жол қозғалысының қауіпсіздігі аясында қамтамасыз ету болып табылады. Аталмыш мәселенің күрделілігі оның зерттеу объектісі екі құқықтық ғылымды алып жатыр: қылмыстық және әкімшілік құқық. Бұл жағдай көзқарастардың сан қилығын қалыптастырады<sup>i</sup>.

Полицияның әкімшілік қызметіндегі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етумен байланысты мәселелердің едәуір көлемі әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс өндірісімен байланысты болады.

Д. Н. Бахрахтың пайымдауынша: «әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама әкімшілік іс бойынша тергеудің аяқталуын белгілейтін іс жүргізу құжаты болып табылады»<sup>ii</sup>.

Анағұрлым кең қолданылатын әкімшілік әрекет ету шараларының біріне әкімшілік ұстау жатады.

Адам құқықтарының Жалпы декларациясының 9-бабына сәйкес, «Ешкімде негізсіз қамауға алынуға, ұсталуға немесе қудалануға тартылмайды», ал Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактінің 9-бабының 1-тармағында «Ешкімде негізсіз қамауға алынуға, тұтқынға алынуға тартылмайды».

Қамауға алуға және ұстауға негіз болу қажет. Қамауға алу мен ұстауды жүзеге асыру кезінде оларды іске асыру тәртібі және заңды мерзімі сақталуы қажет. Ұлттық заңда ұсталған және қамауға алынған тұлғаның құқықтық мәртебесі нақты бекітілуі қажет.

Адам құқықтарының стандарттарын бекіткен халықаралық құжаттарда ұстау рәсімін және тұтқындалған тұлғаның құқықтық мәртебесін белгілейтін анық көрсетілген ережелер бар. Жалпы түрде бұл ереже:

- азаптауды қолдануға тыйым салу туралы;
- адамгершілікпен қарауға қатысты жалпы талаптар;
- кәмелетке томағандар мен әйелдерге қатысты нақты талаптар.

Сонымен, ішкі істер органдарының әрбір қызметкері өз жұмысына қадірмен, қоғамға маңызды пайдалы жағынан қарау қажет. Құқыққорғау органдарының кез келген қызметкері мен лауазымды тұлғасының кәсіби қызметінде күнделікті өз міндеттерін атқару кезінде адамзаттық абыройды құрметтеу мен қорғау, қандай да бір кемсітушіліксіз барлық тұлғаларға қатысты адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау басты принцип болып қалыптасуы керек.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері жемқорлық актісін болдырмай, ал жемқорлыққа шешімді қарсы әрекет жасағандары жөн.

<sup>i</sup> Феоктистов И. В. К вопросу обеспечения конституционных прав граждан в сфере безопасности дорожного движения // Защита субъективных прав: история и современные проблемы: Мат-лы III науч.-практ. конф (г. Волжский, 27 марта 2001 г.). — Волгоград, 2001. — С. 155-157.

<sup>ii</sup> Бахрах Д. Н. Административное право: Учебн. для вузов. — М., 1996. — С. 294–314.